

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Қарасу ауданы білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин
атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.Б.Бөлтірікованың «2023 жылғы мемлекеттік
қызметтер көрсету қорытындылары туралы»
тезистері, 2024 жылғы қаңтар*

**Құрметті Айгуль Танатовна!
Құрметті әріптестер!**

«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ мемлекеттік қызмет көрсетудің 8 түрімен қызмет көрсетеді. 2023 жылдың қаңтары мен желтоқсан айы аралығында көрсетілген қызмет түрлері (ИС "SAKURA"):

-мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру қызметі -2;

-жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну – 9;

-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау -0;

-негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру -0;

-педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау -0;

-білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы) – 26;

-шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну -17;

-бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау-32.

2023 жылғы «Азаматтардың өтініштерін қарауды талдау» (Е-өтініш) бойынша 2 қызмет көрсетілді. Келіп түскен қызметтерге заңнамаға сәйкес уақытылы қызметтер көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары айына 1 рет жүргізіліп отырады. Осы жыл бойынша 12 айда 12 іс-шара ұйымдастырылды:

12 айда жүргізілген іс-шаралардың қаралым саны 1281.

Аталған кезеңде мемлекеттік қызметтер бойынша дәлелді бас тартулар, құқық бұзушылықтар және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша тәртіптік жауапкершілікке ешкім тартылған жоқ.

Ай сайын 8 түрлі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ата-аналарға, мұғалімдерге мектептің жеке сайтында (<https://karasu-gos.edu.kz/svedenia-karasu-obsh/goc-karasu.html>) және әлеуметтік желілерде жүктеліп, электронды түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Білім беру ұйымдары ұсынатын мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

2023 жылдың өткен кезеңінде көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданбады.